

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Б.М.Сапарбаевқа

2020 жылғы 15 қаңтарда  
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Бердібек Машбекұлы!

Өңірлерге шығып, сайлаушылармен кездесулер өткізу бізге нақты өмірмен жақынырақ танысуға, жұртшылықты толғандыратын мәселелерді халықтың өз аузынан естуге мүмкіндік береді. Сіздің атыңызға жолданып отырған депутаттық сауал да күні кешегі кездесулерде қойылған сұрақтардың бір-екеуінен туындап отыр.

Сот-медициналық сараптама саласында ілгерілеушілік байқалмайды. Бұл салада қазір де маман жетіспеушілігі қатты сезіледі. Ал сот-медицина сарапшылары бар аудандарда мынандай қиындық алдан шығуда. Сот-медициналық сараптама қазір Денсаулық сақтау министрлігіне емес, Әділет

министрлігіне қарайтынына байланысты сот-медициналық сарапшылар өздері жұмыс істейтін ауруханалардың бас дәрігерлеріне тікелей бағынбайды. Қызмет бабында жұмыс күндері өз міндеттерін атқарғанымен, сенбі-жексенбі күндері таптырмайды. Ол күндері кезекшілік атқарылмайды. Соның салдарынан тосыннан келген ажал жағдайында (операция үстінде, жол-көлік оқиғасынан, құрылыста немесе өндірісте жарақат алудан, кісі қолынан келетін өлім тұсында) сараптама (вскрытие) жасалуға тиісті мәйіт дүйсенбіге дейін ауруханада немесе мәйітханада сол күйінде жатып қалатын жағдай жиі кездеседі, мұның аяғы марқұмның денесін төртінші, тіпті кейде бесінші күні ғана жер қойнына беруге ұрындырады. Бұл қай жағынан да өте ауыр. Бізге осы жайды жеткізушілер сот-медицина сараптамасы қызметін Әділет министрлігінен қайтарып, Денсаулық сақтау министрлігіне беруді ұсынды. Біз олай ету дұрыс деп санамайтынымызды, кез келген саланың қызметіне баға беретін сараптама сырттан жасалуы жөн екенін айттық. Бірақ, мәселені мынандай жолмен шешуге болатын сияқты көрінеді. Сот-медицина сарапшыларының демалыс немесе мереке күндеріндегі кезекшілігін белгілеу ойластырылса дейміз. Әрине, ол кезекшілердің сол күндері жаманат болып қала ма деп ауруханада тәуліктеп отыруы міндет емес, әйтсе де сол күндері ұялы телефоны қосулы, оның үстіне жұмыс бабында, яғни тосыннан шақыруға дайын тұруы міндетті деп саналса дейміз.

Біз айтқалы отырған екінші мәселе де денсаулық сақтау саласына қатысты.

Біраз уақыттан бері «жедел жәрдем» қызметі орталықтандырылды. Бүгінде кез келген өтінім алдымен облыс орталығына жеткізіледі, сонда қабылданып, тіркелгеннен кейін ғана аудандағы «жедел жәрдем» қызметіне облыстан тапсырма беріледі. Сондай тапсырма алынбайынша «жедел жәрдем» ауыр науқасқа аттана алмайды. Мұның бүкіл облыстағы жағдайды бір уыста ұстап отыруға мүмкіндік беретініне, тапсырысты үйлестіруде өзіндік артықшылығы барлығына дау айта алмаспыз, бірақ уақыттан ұтылдыратынына, ал байланыс болмай немесе өтінім алуға тиісті адам орнынан табылмай қалған жағдайда қатерлі екендігіне күмән жоқ. Сондықтан сайлаушылар «жедел жәрдем» қызметін үйлестіруді бұрынғыдай аудандық денсаулық сақтау бөлімдерінің қарамағында қалдыруды ұсынады.

Сала қызметкерлері көтерген осы екі мәселенің шешімін қарастыру жөнінде арнайы тапсырма беруіңізді және депутаттық сауалға заңда белгіленген тәртіппен жауап қайтаруды сұраймыз.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісіне  
Қазақстан халқы Ассамблеясынан  
сайланған депутаттар**

**С. Абдрахманов  
В. Божко  
Н. Жұмаділдаева  
Р. Ким  
Н. Микаелян  
А. Мурадов  
Ш. Нурумов  
Ю. Тимощенко  
Ш. Хахазов**

А.Әбенова 74-63-78

**Заместителю Премьер-Министра  
Республики Казахстан  
Б.М. Сапарбаеву**

Оглашен 15 января 2020 года

### **Депутатский запрос**

#### **Уважаемый Бердибек Машбекович!**

Выезд в регионы, встречи с избирателями дают нам возможность объективно и ближе ознакомиться с повседневной жизнью, услышать из уст населения о волнующих общественность проблемах. Депутатский запрос, адресованный на Ваше имя, основан на вопросах, поднимаемых гражданами на встречах в регионах.

Так, полагаем, что сферу судебно-медицинской экспертизы трудно назвать успешной. На сегодняшний день в данной сфере наблюдается острая нехватка специалистов. А в районах, где имеются судебно-медицинские эксперты, существуют проблемы. Поскольку данная сфера находится в ведении не Министерства здравоохранения, а Министерства юстиции, специалисты судебно-медицинской экспертизы напрямую не подчиняются главным врачам больниц. Выполняя свои служебные обязанности в будние дни, в выходные дни они отсутствуют, так как дежурство в эти дни не предусмотрено. Вследствие этого в случаях внезапной кончины людей (во время операции, дорожно-транспортных происшествий, получения увечья на производстве) тело до проведения экспертизы находится до понедельника в больнице или в морге и лишь на четвертый-пятый день близким покойных удается предать его земле.

Это очень тяжелая ситуация. Жители Алматинской области выразили просьбу о возврате службы судебно-медицинской экспертизы из Министерства юстиции в Министерство здравоохранения.

Мы высказали довод о том, что экспертиза должна быть независимой. Вместе с тем предлагаем следующее решение вопроса. Полагаем, что будет правильным, если организовать дежурство судмедэкспертов в выходные и праздничные дни. При этом не обязательно сутками находиться в больнице, но нужно быть постоянно готовым к любой ситуации, возможному вызову, имея сотовый телефон в рабочем режиме.

Второй вопрос тоже касается системы здравоохранения. Как известно, служба скорой помощи централизована, и на сегодняшний день тот или иной вызов поступает сначала в областной центр, регистрируется, только затем из области дается указание районной скорой помощи. Без такого указания она не может выехать даже к тяжелому пациенту.

Безусловно, централизованная координация ситуации в масштабе области дает свой положительный эффект, имеет свои преимущества, однако есть проблема потери времени и угроза непринятия своевременных мер медработниками в случае отсутствия связи либо соответствующих сотрудников на местах.

Потому избиратели выразили просьбу вопросы координации службы скорой помощи оставить в ведении отделов здравоохранения на районном уровне, как это было ранее.

Просим поручить рассмотрение и решение данных вопросов, озвученных населением региона, и дать ответ в установленном законодательством порядке.

**С уважением,  
депутаты от Ассамблеи  
народа Казахстана**

**С. Абдрахманов  
В. Божко  
Н.Жумадилаева  
Р. Ким  
Н. Микаелян  
А. Мурадов  
Ш. Нурумов  
Ю. Тимощенко  
Ш. Хахазов**

А. Абенова 74-63-78